

# ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

“Жалын” журналы “Түркі әлеміне қызметі үшін” халықаралық сыйлығын иеленді

31-майыр саяси құғын-сүргін  
құрбандарын еске алу күні

М.Әбдекімұлы  
XX ғасыр басындағы зұлматтар

## Көкейтесті

Е.Тұрсынбайқызы  
Ажырасудың, әлеуметтік  
себептері мен салдары

## ПРОЗА

Д.Белдеудайұла  
Сталиннің мүсіні

Әлем әдебиетінің классиктері  
Х.Кортасар  
Құгыншы

## Оқшау ой

Ж.С.Илашқулова  
Білім көшіндегі  
білікті маман

№5 2014



**Жанат ЕЛШІБЕК,**  
Халықаралық «Алаш»  
сыйлығының лауреаты

# БІР КҮННІҢ ЖАРЫҒЫ

*Белгілі қаламгер, ақын, әмбебант шынысы-саясаткер, Ербол Шаймерденұлы хақында штрихтар*

Құдайга шүкір! Қырық жылдан асқан қаламгерлік көшіндегі талай әріптестермен жүзіздесін, жолымыз сан мәрте түйіскен екен. Пікірлесіп, ой болісіп, сырласып дегендей. Ал, сол таңыс та, бейтанаңың жаңадардың қанашасымен қазақ баспасөзінің қасиетті қарашаңырағы астында қоян-қолтық арапасып, ортақ терінің пүшпазын бірге илестік. Маңдай терімізді бүршиақтатқан журналистика көріл өзінің от-жасалынында пісіріп, тағдыр тезінде шыңдалат, тіпті, өмір соқпақтарымызды да қатар өріп жібергендей көрінеді. Ербол есімін ауызға алғанда осындағы әсерге боленетінім бар. Төмендегі штрихтарды оқыған кезде оған көзіңіз жетеп түссе керек. Ендеше, ой үзіктеріне жаңар жүгіртіңіз.

## АЛҒАШҚЫ ШТРИХ:

### ҒАБЕНДІҢ ЕЛТИНЖАЛЫ НЕМЕСЕ ЕРБОЛМЕН СЫРТАЙ ТАҢЫСУ


...Күні кешегідей жадымда. Неге ұмытайын. Өткен гасырдың жетпісінші жылдарының соңы. Алаулаған жастар ұсы «Лениншіл жастаң» (қазіргі «Жас Алаш» газеті) сыйқыран, сыйқырлаған «СҚ»-ға ауысқан кезім. Үлкен орақтың тіршілік-танысын бейнелейтін көлемді, бір беттік очерк жазу үшін Солтүстік Қазақстан облысына іссапарға жіберді. Газеттің басшылары, редактор мен орынбасары Сапар Байжанов, Сарбас Ақтаев тапсырманы шегелеп түсіндірген екеулеп.

— Ыңғайы келсе, тұра бүгін ұшқаның жөн. Орақ орталап қалды. Очеркіне лайықты кейіпкерді облыстық штабтан сұрастырып білерсін барған бойда. Нағыз қаһарманды іздеп көр. Эрине, табылып жатса, қазақ болғаны дұрыс. Жол-жөнекей репортажың мен мақалаңды тілшімен бірігіп жаза жатарсың...

Ашығын айтайын, Байжановтың кабинетінен екіудай көңілде шықтым. Әу баста «Солтүстікке барадың» дегендеге іштей куанғаным рас. «Осы уақытқа дейін сәті түспей жүр еді. Сәбен мен Ғабендиң ауылдарын аралайтын болдым...» Артынша атқақтаған ойым су сепкендей басылған... Бағыттарымның емеурінінен көп жайды айтқызбай-ақ аңғарғам. Оқырманды елең еткізер жылы дүние қажет.

Қамшылап, намыс кайрағын жаңын жатыр. Лездеме сайын қарабайыр, қасаң материалдардан құтылууды ескертетін редактордың аужайын жан-дуниеммен түсінгендеймін. Тәуекел.

Иә, Қызылжар өніріне сапарым оңынан оралды. Тұнгі орақты өзек етіп өрген «Мандай тер» атты



**Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ**

очеркім «Социалистік Қазақстанның» екінші бетінде тұтастай жарияланды. Бұған дейін төрт беттік рең газет өзінің екінші бетінде мұндағы очеркті берген емес. Кейіпкері де өзіміздің қарастағы. Ерен еңбегімен өзге үлттың алдына шыққан Елтай Бектеміров хақындағы бұл көркем әңгімәдегі деңгейде жазылған газеттік туынды жыл корытындысында Республика Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Журналистер одағының арнағы сыйлығына ие болды. Мұны егжей-тегжейлі

тәптіштемей, бірер сөйлеммен түйіп айтудың өзіндік салынысы бар. Мақтану да, кеуде соғу да емес. Мың салса, бір баспайтын талайсыз жазармандарға құлақтастырылған. Екінші олжам – Ербол жайында алғаш естіп, онымен сырттай танысу.

Бес күндік іссапарымның әр күнін, әр сағатын барынша ұтымды пайдалануды ойластырган мен осында табан тигелі қасымда жүрген әріптестерімекешелі-бері көкейімнен шықпай қойған ойымды сездірдім.

– Сәбит Мұқанов мен Фабит Мұсіреповтің ауылдарын көріп қайтқым келеді. Облыс орталығынан қанша жер өзі...

Сөзімді аяқтапастан іле бөліп жіберген өзіміздің меншікті тілшіміз Байтұяқ Жанымбетов безілдең қоя берді:

– Ой, Жәке, уақытыңыз тығызыда сықылды. Иек асты дей алмаймын, әжептеуір шалғай. Жобамен екі жүз шақырымдай... Оның үстіне «Жаңажолдың» жолы нашарлау. Қинальып қалмас па екенбіз. Аяқ астынан күн бұзылып, жаңбыр жауып кетсе, далада қаламыз-ау?..

Капелімде тосылып, үндемедім. Қанша құлышын-ғанмен, көрмеген жердің ой-шұқыры көп. Еріксіз жымидым. Журналист-жазушы ағайындар арасында жиі айтылатын қағытпа әңгіменің есіме орала кеткені.

– Ертеректе Алматыда тұратын композитор ағамыз Әбілахат Еспаев «Мәдениет және тұрмыс» журналында жарияланған ән-өлеңінің азынаулақ қаламақсызын қосынып, «Е-е... мәдениеттерін жақсы болғанмен, тұрмыстарың мәз емес екен» дегендей... Қазак әдебиеті алдыбының ауылшының атына жолы сай емес секілді, шамасы... Реті келмесе қайтеміз. Қонеміз да ырықтарыңа...

– Жо-к... Олай деменіз. – Бағанадан ләм-мим жақ ашпай тұрған жаңа танысым, жергілікті журналист Жарасбай Сүлейменов карқылдан күлді. – Немене, Бәкі? Қара аспанды төндіріп. Обкомның «Волгасы» ұзақ жолға жараласа, жүрініз біздің редактордың көлігін сұрап алайық. Алматыдан ат арытып күнде қонақ келе бермес. Екі күнге шыдадар... Саспаның, Габенің Елтінжалың көрсетеміз, «Қос шалқарына» шомылдырамыз...

– Қой, ұят болар. «СК»-ның өз мәшинесі тұрғанда, облыстық газеттің жалғыз доңғалағына көзімізді сатпайық, – деді Байтұяқ ағамыз табанда әлгіндеігі рапынан кайтып. Әлде Жарасбайдың сөзі шамына тиіп, намысын қытықтады ма?

Біз көп бөгелмей, жолға шықтық. Сапарымызға тағы бір журналист қосылған. Облыстық «Ленин туы» газетінде жұмыс істейтін Амандық Жантеміров елшілдеген, аузын ашса жүргіз көрінетін ағеділ жігіт көрінді. Тез-ақ тіл табысып, шүйрікелесіп кеттік.

Мизам шуағына шомылған қыр келбеті айрықша ажарлы шалынған. Орман біткен, тоғай біткен сары етек шапанын жамылышты. Шоқ-шоқ қайындар аралдары ілгері озған сайын қалындаі үйісіп, бірінебірі ұласкан. Қозім тоймай, жолдың көс қапталына жанар сүзіп отырмын. Қылқалам шебері Шишикиннің картиналары көз алдымға тұра калғандай. Дөңгеленіп қалып жатыр, дөңгеленіп қалып жатыр.

– Ғажап екен! Орманды өлкенің күзгі дидарын алғаш тамашалауым...

– Жазған дүниелерінізге қарағанда, сіздің туып-өсken жеріңіз сылқым Қараталдың бойы, көгілдір Балқаштың жағасы тәрізді, – деді көкжелкемде отырган Жарасбай дос еміне алға еңкейіп. – Шекіз-шетсіз айдын-шалқардың өз сұлулығы бар шығар. Біздің теңізіміз өзініз тамсанып келе жатқан алдыңызыдағы ойдым-ойдым орман-тогайымыз.

– Эрине, әркімнің өз атамекені Мысыр шаһары той. – Әріптесінің әңгімесін ширата түскен Амандық көмейіне іркілген ойын ағытқан. – Мен осы уақытқа дейін теңіз көрмеппін. Көздің аясында тостаган көлдер бізде көп-ақ. Бірақ, Қаспий мен Арадың, Балқаш пен Алакөлдің жөні бөлек. Шіркін, сіздерге рахат. Республикалық баспасөзде жүріп, еліміздің кез келген түкпірін аралауға мүмкіндік мол.

– Айтып отырганыңыз дұрыс, Әбеке. Жазамын деген қаламгерге бәрі де такырып. Тау да, теңіз де, дала да, қала да... Сөйтседағы, біздің өлкеміздің молдіреген мынадай табиғатына, мынадай көк-жасыл нұнына жететіні жоқ-ау. Кейбір ақын-жазушылар құсан шабыт шақырып қиналмайсыз. Тұнып тұрған жыр, құйылып тұрған өлең. Қараңыз да сүйкей беріңіз қойын дәпптерінізге. – Бағанадан бері үн-түнсіз, әр сөзімізге бас шүлғыған Байтұяқ көкеміздің қуакы әзілін әркім өзінше қабылдаған.

– Мен ақын емеспін той. Біздің күйттегеніміз қара сөз, – деді Амандық. – Өлең-жырды Тоқтар мен Ерболға ұстарттық емес пе.

– Оларың кімдер?

Шыдамсыздана тіл қатқан маған назарын аударған Жарасбай:

– Жергілікті ақындар. Екеуінің де аяқ алыстары тәуір, – деді байсал кейпін өзгертуеген қалпы. – Тоқтар Зікірин әйгілі Шал ақынның топырағынан. Аты-жөні облысқа танымал жас періміз. Ал, Ербол Шаймерденовтің балауса жырлары тегеуінді, ерекше екінші. Түбінде мықты ақын болады. Біздің облыстық газетте шығып жүрген өлеңдері маған қатты ұнайды. Ой бар, сезім бар... Сөз сиқырын түсінеді... Ең қуаныштысы, өз өрнегін іздейтіні нәзік нақышты жырларынан анық байқалады...

– Айтпақшы, Ербол да Елтінжалдан, журфакты бітірген.

– Иә, Габенің Елтінжалынан...

Несін жасырайын, одан бетер елеңдегенім рас. Бірін-бірі оңайшылықпен мойындаі қоймайтын казак емеспіз бе? Әсіреле, қолына қалам ұстаган көбіміз мактауға тым сараңбыз. Соған қарағанда құдіретті өлең өнерін тізгіндеген Ербол пырағының талай байге мәресінен көрінеріне тілектестік пейілім арта түскендей күй кештім. Бұған дейін жүздеспеген, ақындығынан бейхабар, таныс та, беймәлім журналист Ербол Шаймерденов туралы ең алғашқы жылы лебізімді былайша өрбіткенім есте:

– Қызылжар өнірінің құнарлы топырағы көптеген дүлдүлдер мен жүйріктерді аялап, мәпелеп өсіргені мұқым казаққа аян. Есімдері аңызға айналған кешегі

Кожаберген жырау, Шал ақын, Серіз сері, әдебиет алдыраты Сәбит Мұқанов, Фабит Мұсірепов, бүгінгі кадау-кадау қаламгерлер Зейнел-Габи Иманбаев, Мұтәлап Қанғожин, Бакыт Мұстафиндер сапынан, сөз жок, Ерболды да көрерміз. Бәрі де уақыт еншісінде.

Менің пікірімді сапарластарым да жапырыла көштай жөнелген. Риясыз лағыл пейілдер, қылаусыз жүректер луппіл.

— Әбден мүмкін.

— Сөз киесін танимыз той. Қазіргі қалам сілтесі біздің Ерболдың мәндайын әлі-ак жарқыратады.

— Бір ауылдан үшкандың түлектерді жерлестері «Қазақтың Ғабені, Елтінжалдың Ерболы» деп әрдайым мақтан ететін болады.

...Мерейімді тасытып, көнілімді шалқыткан осыдан отыз жыл бүрінші сапар сазы мезгіл қоңырауын қакқан сайын тұра кешегідей дабылдаш қоя береді. Тәулікке толар-толмас уақыттың суреті санамда өшпестей қашалып қалыпты. Шаңқай тұс әлетінде жаңа достармен ұлы сөз зергері Фабит аға кескіндеген «Қос шалқар» көліне рахаттанып суга түскеніміз, алтын күздің қызыл арай кешінде Ғабенің кіндік қаны тамған қасиетті мекен Елтінжалдың әк балтырлы қайынды тоғайын аралағанымызды неге ұмыттайын... Жол-жөнекей занғар жазушымыз Сәбит Мұқановтың ежелгі қыстасу Тұлқиойнаққа аялдаш, Иван Шуховтың аудан орталығы Пресновкадағы мұражайын асығыс тамашалап үлгердік. Естен кетпес жүздесулар, жүрек толқыткан эсерлер... Өзінше тіл қатады...

Әрине, сағым жылдар жаңғырығы Ербол есімін де еріксіз ауызға алдыrsa керек.

## ЕКІНШІ ШТРИХ:

### ҰСТАРАНЫҢ ЖУЗІ НЕМЕСЕ БИККЕ ӨРЛЕГЕН БАСПАЛДАҚТАР

Мен өте бақытты қаламгермін. Қай кезде де, қай уақытта та айғайлап айтқым келіп тұрады. Бұлай деуімнің өзіндік сирі, себеп-салдары бар. Қолына қалам ұстап, пешенесіне сөз өнерінің ыстық-суығы бүйірған журналистің әдегендес осында мамандықтың шоғында шылжырылғаны жөн. Сол үлкен ұстахананың дарасы – жастар газеті «Лениншіл жас».

Әйтілі редакторлар Шерхан Мұртаза мен Сейдахмет Бердіқловтар тұрғызған ұлы мектептен дәріс алған балыны қаламның болаттай шындалмасына еш әддісі жок. Әйтпесе, бүкіл еліміздің газет-журналдары мен теле-радиоларында отырғандардың дені ҚазМҰУ-дің жүрфагін тәмәмдағандар. Олардың бәрін бірдей шашасына шаш жүқпаган сәйгүліктер дей алмаймыз той. Несіне бүгежектейміз білімді болар, өрелі шығар. Сөйтсе де мойындау керек, бір қайнауы жетпеген шалажансар жазармандар. Әрине, жүзден – жүйрік, мыңдан – тұлпар. Мәндайынан шертіп санай жөнелсек он саусақымызды да толтыра алмай ұялар ек.

Өткен ғасырдың сон-ау-у алпысыншы-жетпісінші жылдарынан бастап ойша шолар болсақ қазақ әдебиеті мен өнерінің, қазақ мәдениеті мен баспасөзінің алтын үйгін құрайтындардың ұзын санын ленжастықтар,

қазіргішे жеткізек жасалаштықтар түзейді екен. Қызыл империяның тепкісінде тұнышыққан қазақ баспасөзінің қара шаңырағы есептелген «Социалистік Қазақстаның» күні бүгінге дейін қарадүрсін, мінезсіз, азусыз, даңғаза басылым атынан таза арыла қоймаганы айдай анық. Бір қуаныштысы, Шерагаң – Шерхан Мұртаза еңсесін көтеріп, бойын тіктеген «Егемен» ел газеті деген құрметінен айырылып қалмауға ұмтылуда. Жалғыз редактор не істейді? Тізгін ұстаушының тірері – қаламдас-жауынгерлері. Ен алдымен, оқырман ойынан шығуды, халық мұддесінен табылуды діттеген басылым басындағы тұлғаның ұжымды ұйыстыра білудегі іскерлігіне, қабілетіне, беделі мен батылдығына байланысты. Биліктің ығында, көрінгеннен үркіп, жалпақшешейлік пен жаппай жағымпаздыққа жол ашқан жерде дарынды да қуатты қаламның өзі мұқалып, сөз өнерінің ұғыл-шұғылына тереңірек бойлай алмас еді. Бұ жағынан өзімнің жоғарыда «Ленжас» мектебінен үйренгенімді мегзегенім бекер емес. Осы ретте есіміне сырттай қанық Ербол Шаймерденұлының қызығы мен шылжығы қат-қабат жүрер қаламгерлік жолын «Лениншіл жас» шаңырағында шындауын тілге тиек еткім келгені той.

О кез қазіргігে ұқсамайды. Газет кеміргіштер бірін-бірі ешқашан көрмese де, аты-жөндерін жақсы билетін. Бүгінгідей сүзіп оқып шықпақ түрмак, парактап актарудан басың айналатын аткөпір газет-журнал жок. Қазак тілінде жарық көретін республикалық торт-бес басылымның жазғыштарын асыға күттініміз және шындық. Әрине, газет бетінен. Таныс та, бейтаныс журналистердің қай тақырыптарға бейім, қандай мәселелерді қаузап, індептіп жазып жүргенін оп-օнад аңғарасын. Тіпті, олардың қай өнірлерде тұратынына дейін білесін-ау. Сондай ақ мықты журналистердің қатарына ерте іліккен Ерболдың тың облыстарынан жазған туындыларын қалт жібермей қадағалайтын болдым. Жастар газетінің Солтүстік облыстарындағы өз тілшісі бұрқыратып сілтеп жататын. Қыырдағы Қызылжар аймағынан, бірде Кербез Көкше өлкесінен, енді бірде астықты алқап Қостанай мен өндірісті Кереку өнірінен очерктерін, суреттемелерін, килем-килем мәселелерді өзек еткен ой-толғактары мен сараптамаларын қызыға, күмарта оқитынбыз.

Тағы да қайталаймын, ол уақытта журналистер газеттерде шығып жатқан елең еткізер дүниелерді мезетінде талқылап, пікірлерін бөлісетін. Шетінен сергек, қағілез, құлактары түрік. Баяғы сол Шерағаннан, Сейдағаннан жүқкән мүбәрәк дәстүр. Қазіргі жазармандарға қараптан-карап ішін ашиды. Селқос, еңжар, бойкуйез. Миларын компьютердің дайын деректері мен әр министрлікіт алдын-ала әзірлеген баспасөз релиздерінің қарадүрсін хабарлары жеп қойған. Өнін айналдырып, инкубатордан шыққандай тоғытқанға мәз. Тілден жүрдай, ойдан жүрдай, журналистік жеке өзіндік пікірі жоқ мұндай материалдар басылым беделін қалайша көтермек? Аты-жөндері шыққанға мәз журналистерді сырт көз әсте мойындаған емес. Жалған сөйлемесін. Маңайынызға көніл бөліп, сыр суыртпақтаңызышы.

Шерханың, Сейдахметтің талабы жок! Сен тимесен – мен тимен. Ізденбейді, ескертпеге құлак аспайды, ең өкініштің бірінің жазғаның екіншісі оқымайды. Окыса да жарытып талдай алмайды. Себебі, өресі жетпейді. Мұның бәрін таусылып, қынжылып толғауымың табан тірер айғағы бар. Әңгімеміздің қызыл тініне өре кетейін. Өйткені, сөзіміз Ербол жайында емес пе.

«СҚ»-ның кезекті бір лездемесі үстінде аса байсалды да, маңғаз, талапшыл да талантты қаламгер Бекболат Әдетов ағамыз өте қатқыл сөйлесін. Бүгешігесін мыжып ак парақты текке шимайламай, токетерін жеткізсем де біраз жайды анғарарсыз, сүйікті мениң оқырманым.

– Қашанғы ЦК-ға жалтақтай береміз. Үлкен үйдің кабағына қарай бергенде қою керек. Әрі-беріден соң газетті шығаратын олар емес, біз. Тәуір жазатын жас жігіттерді аппаратқа шакырайық. «Лениншіл жаста» жазғыштар кеп. Айтпақшы, соңғы жылдары Қызылжардағы тілшілер Ербол Шаймерденов өте жақсы көрініп жүр. Қаламының желі бар секілді. Жазғандары маған ұнайды. Өзін онша танымаймын...

– Арканың журналистері бізге келер ме екен, осы. Керемет жазғыш деп жүрген анау Жомарт Әбдіхалықов ұсынысымыздан әлденеше рет бас тартты, – деді Балғабек Қыдырбекұлы Бекеннің сөзін бөліп. – Жалпы, сенің айтып тұрған ойларың дұрыс. Мен де сырттай әркім-әркімді сұрастырып, зерттеп жүрмін. Шаймерденовтың ақындығы да бар көрінеді. Әдебиетші дейді. Демек, сөздің қадірін түсінетін жігіттің жаман жазуы мүмкін емес...

Редакторымыздың пікірін Сарбас Ақтаев, Зұлқарнай Сақиев, Кенесхан Зәкенов қоштай жөнелді...

Әрине, шалғайдағы Ербол бұл жайдан бейхабарды. Қабілетті де, дарынды, қолынан іс келетін азаматты өзіндік қолтаңбасынан-ақ таныған тағдырлас әріптестерінің жансарайын көрсету мақсатында жазып отырмын...

Одан кейін де бірер жыл аралған. Журналистика көрігінің небір ыстық-сұнығынан ысылып өткен Ербол тілін ұстартып, ойын ұштап, жазу өнерінің қат-қабат құпиясын еркін менгерген шағында қасиетті қара шаңырақтың табалдырығын аттады. Алғашқы жылдары «Социалистік Қазақстанның» Ақмола облысындағы меншікті тілшісі қызметін жемісті аткарды. Көп кешікпей білімді де, өресі биік ол Орталық Комитеттің шешімімен аппаратқа ауысты. Ең жауапты жетекші болімінің болімін басқарып, редакция алқасының мүшесі болды.

Сонымен көптен аты-жөніне сырттай қанық Ерболмен үлкен ұжымда ортақ тіл табысып, тонның ішкі бауындағы етене жұмыс істеп кеттік. Жүрістүрьсі кербез, іс-әрекеті мен қылғынан тектіліктің лебі ескендей. Сыпайы да сырбаз, салмақты да байсал. Ақырын жүріп, анық басады. Үнемі жымып сөйлейтін ол сырт жүртка менмендеу көрінуі әбден мүмкін. Жоқ, олай емес, мұлдем қателесесіз. Әңгімесін ретті тұста жұмсақ әзілмен әділтеп отыратын нағыз мінезді адам. Оған мениң көзім қоян-қолтық қызмет үстінде жете түсken. Аз уақыттың ішінде каламdas әріптесімнің

талапшыл, батыл, ұйымдастыруышылық қабілеттері мен қырларын жете үққандай болдым.

Газет жұмысы – ұжымдық жұмыс. Құнделікті бүркірап тоқтаусыз шығып жатқанымен, газет жасаудың өз оқырманына беймәлім ішкі «кухнясының» сырлы әлемі сан қабат. Кезекті нөмірдің нобайын жоспарлаудан бастап, әр бетке түсетін материалдарды екшеп іріктеу, авторлардың салмағын безбендеу, әр туындының эсер күшін таразылау, ең акыры сол күнгі газет дүниелерінің географиясына дейін нақтылау жалғыз адамның шаруасы емес. Ал, онан кейінгі техникалық харекеттердің шашетекten екенін журналист ағайындар жақсы білсе керек. Қыска ғана қайырсақ, тери – беттеу – корректура – тұнгі кезекшілік – оқылған беттерге қол қою – дайын нөмірді баспаҳанада басу – шыққан газетті оқырманға жеткізу... Бейнелеп жеткізек, ұстараның жүзінде жүргендей жауапты да, маңызды шаруа.

Мінеки, осынау күйіп тұрған ұлан-асыр іске айрыша құлышыныспен сұнғіп кеткен Ерболмен тізе қосып еңбек еттік. Талай арнаулы нөмірлерді бірлесіп жасадық. Тұс-тұстан қарауыл қойып, қақпақылдаған заманда шамамыз жеткенше өз идеямызды, өз ойымызды жүзеге асыруға ұмтылдық. Қазіргідей еркін дәуір, бостан кезең емес. Сейтседағы жаңашылдыққа, тыңнан сүрлеу салуға құштар Ерболдың батыл қадамдары андыздан бой көрсете бастады. Кісімініп, кебініп шекеден қарауга үйренген, өзі де, ойы да мезгілсіз ша тартқан кейір журналистер соны серпіннен тіксінгені анық. Даңғаза лепес болмасын, накты бір-екі мысал. Ең алғашқы назар аудартқаны. Белімінің жұмысы түбегейлі өзгерді. Саяси мақалаларға жан бітті, бойына кан жүгірді. Терен талдамалық сараптамаларға ерекше екпін қойылып, шекесінен шертуге де болмайтын шенеуніктер мен тоқыраудан қалған партакраттарды сынаған материалдарға кеңінен жол ашылды. Мұндайда арқа сүйер тірегін – қылпышылдаған қаламың. Ақ жолдан аттамаған бұлтақсыз, бұкпесіз, жалтақсыз жазылған ой-толғаныс қана өзін-өзі қорғап шықса керек. Әділдікті мақсат еткен Ерболдың киын кезең сыйынан сүрінбей өткенін қадап айтқан жөн. Тағы бір жай еріксіз ойға оралады. Жаңа жылдық арнаулы нөмірдің жетекшісі болған ол газеттің соңғы бетіне коярда-көймай менің кроссвордымды жарияладты. «Сөзжұмбакты «Правданың» өзі баспайды. Бұл не деген сұмдық» деген аппараттағы қайсыбір ішмерездермен жаға жыртысуға барғаны есте. Қызықты қараңыз! Даудамайдың жаңғырығы басылмай, араға аралатпай «Правда» тұнғыш рет кроссворд жариялады. Бұған не дейміз?! Мәскеуден шығатын Бас газеттің айдарынан жел есken журналистерінен кем ойламайтын біздін Ерболдың бұл әрекетін қалай бағаласақ та орынды. Айтпақшы, Ұлы Жамбылдың 150 жылдығына арналған 24-беттік кіші форматтағы арнаулы нөмірдің атын – фирмасын суретшіге жаңаша жаздырып, бірінші бетке қисайта көлденеңінен бергізген де Ербол еди. Журналистиқ ізденіс, журналистиқ батылдық, журналистиқ ерлік заманына қарай осындағы елеуісіздеу, ұсақ-түйектеу көрінетін қадамдардан басталса керек. Ал, бас редактор орынбасарының тізгінің ұстаган

кезде ол көкейіндегі біраз істі жүзеге асырғаны даусыз. Өйткені, Ерболдың ізі тарих еншісіне айналған газет бетінде сайрап жатыр...

Бікке өрлеген баспалдақтар елжанды азаматтың қаламгерлік атын әйгілеумен бірге, оның саясат сахнасындағы қайраткерлік бейнесін де кескіндел, сомдағаны аян. Тәуелсіздіктің елең-алаңында Елбасының тұнғыш баспаса з хатшысы болып, Жоғарғы Кенестің баспаса з қызметтің басқарды. Тілдерді дамыту департаменті директоры тәрізді республикалық дәргейдегі жауапты қызметтерді аткарды. Азаттыққа қол жеткен алай-дүлей заманның үйткымы боранында күн кешкен саясаткерлер иығына түскен жауапкершілік жүргі орасан зілмауыр еді. Құдды иненің ұшында, ұстараның жүзінде жүргендей шақ. Қиғылығы мен құйтырқысы сан тарау шетін сурлеуден адаспай шығу – үлкен парасаттылықты талап етері мәлім. Қысылтаяң кезеңдегі Ерболдың ересен еңбегін рухани ұстазы, белгілі мемлекет қайраткері Әбіш ага Кекілбайұлы тереңнен толғап, тебірене жазғаны есте. Кәне, көз жүгіртейікші:

«...Құдай қарасқанда, он екінші сайланған Жоғарғы Кенес тұсында да Ерболмен коян-қолтық қызметтес болудың орайы келді. Егемендік алып, еңсеміз көтеріліп, тәуелсіздік алып, тәубемізге келіп, маркайып жүрген кезіміз. Жаңа мемлекеттік рәміздерімізді көп ұзатпай тұрып қабылдатып алу кезек күттірмес міндетке айналды. Көп салмақ сол мақсатпен құрылған арнағы жұмыс тобына түсті. Ұлттық саясат комитетінің төрағасы ретінде маған да сол топта еңбек етуге тұра келді. Қызыл менталитет әлі мызғи қоймаган кезең. Әлгіндей шетін мәселелерді шешу үшін бұлтартқызбас дәлел-дәйек керек. Ол үшін өзгелердің тәжірибесіне молынан қанақпай болмайды. Ал ол бұрын дербес мемлекеттікten айырылып қалған бодан елге оңай емес. Көп уәжіде өзгелер түгіл өз қандастарын құлак аса қоймай, діңкенді құртады. Бәрін көзге шұқып көрсетіп, жеріне жеткізіп дәлелдеуін қажет. Ол үшін көп нәрсені қопарып, көп нәрсені актару керек. Бұнда карлы Қарату қын шаруаның майлық-сұлығында бүтіндей жүрген тағы да Ербол Шаймерденов болды.

Шашын бір жағына қарай қайырып тастап, сыпайы қимылдаپ, сабырмен сөйлейтін сырбаз жігіт нағыз зерттеушілерге тән ықжадағат таныта алды. Әр жаңа дерек тапқан сайын жүргегі жарыла қуанып, телефон соғады. Екі езуі екі құлағында болып, жүгіріп келіп, көрсетеді. Аз уақыт ішінде оның кабинеті геральдика көмесіне айналды. Жер бетіндегі барлық мемлекеттердің ежелгі, орта ғасырлардағы, кейінгі замандардағы және қазіргі тулары мен елтанбалары үлгілері түгелге жуық жиналды. Соларды салыстыра, салғастыра отырып, елде калыптастып отырған саяси ахуал жағдайында онтайға келетін ықтимал дәйектемелер түзуге жағдай жасалды. Сол жинақталған деректер кейін Ерболға алты кітап, елуден астам мақала жазуға негіз болып, өзімізді өзімізге де, өзгелерге де ел ретінде танытуға айта қаларлық үлес қосылды. Ербол Шаймерденов – тек осы еңбегінің өзімен-ақ ел ықыласына бөлене аларлық тұлға...»

Иә, Әбекеннің аузынан шыққан осынау биік бағадан асырып айту қыын-ақ.

## УШИНШІ ШТРИХ:

### ЕРБОЛДЫҢ ХАТЫ НЕМЕСЕ «МЕНИҚ ЖҮРЕГІМ – БОЗТОРҒАЙЫ ДАЛАНЫҢ»

Сөз де – бояу. Орнымен пайдаланбасаң, ұқыпты қолданбасаң болмайды. Орынсыз жағылған бояудай әсер етуі бек мүмкін. Әлем-жәлем баттаскан, иә болмаса ақ полотно бетіне төгілген суретші маңдай терінің жалғыз тамшысында жалт қаратар картинаны көз алдыңызға елестетіп көріңіші. Жаһар туынды еріксіз жанар тіктеді. Сөз де солай. Ал оның реңкін аша түсетін шырайлы штрихтар – өмірдің өзінен ойып алған шындық пен нақты дерек. Тек оны жалған, әсіре сөзбен көпіртіп сапырмай өмірдің өз өрнегімен өрген жөн.

Алуан қырлы өнер иесі Ербол Шаймерденулының кескін-келбетін барынша шынайы бейнелеуді мақсат еткендіктен осынау ескертпе қагидан ауытқым келмейді. Әншнейінде журналист ағайындар арасында: «Өмірбаянында іліп алар ештеңесі жок екен. Саусағымды сорғандай, қатты киналып, өйтіп-бүйтіп жаздым» рәуішті уәж айтылып қалады. Зер салсақ, кейде бұл пікір маған атусті, жаңсақтау естіледі. Кейіпкерімен тіл табыса алмаудан, оның ішкі болмысын жіті анғармаудан ба екен?! Ойша құрылған, оқырманың баурамайтын сылдыр суреттер осындаидан туса керек. Сондықтан да баршаның дәл көз алдында жүрген Ербол хақында жазу қалам ұшына әжептеуір салмақ салғанын жасырмаймын. Құдайға шұқір, өмір-дерегі бай, тындырғаны көп. Рет-ретімен тізіп шығуға да болар еди. Жоқ, Ербол туралы онды-солды сүйкей салмайсың. Данғаза мақтауға, жұмсақ көпшілкке зәру емес. Жүргегі лағыл, көнілі кіршікіз ол сезім қылын тербер жарты ауыз сөзге марқаятын кіді азamat. Задында өзінің дегдар жерлесі, ұлы ағасы Ғабене көбірек ұқсайтын тәрізді. Осылайша ой түйіндеуіме мәжбүрлеп отырған нақты дерегім де бар. Ол – Ерболдың хаты. Жеке архивімді – мүкәммалдарымды актарып отырғанда ұшырратым. Тұп-турға ширек ғасыр бұрын жазылыпты. Жалғыз жапырақ сарғайған блокнот паракшасын аударып-төңкөріп екі-үш мәрте оқып шықтым. Жападан-жалғыз үйге симай кеткендеймін. «Өзіне телефондасам ба, екен? Әлде, қызық үшін бір жолықканды қолына ұстасам жөн шығар...» Сейтіп жәдігер-хатты қоқықса тастай салмай, әдемілеп қаттап койғанмын-ды. Өзімнен-өзім езу тартып, ішімнен күбірлегенмін. «Ауырлығы жоқ, жата берсін. Қажетке жаарар...» Сәуегейлігім дүріс келгендей ме, қалай? Кәне, жиырма бес жыл бұрын жазылған хатқа бірге үнілейікші. Әңгімемізді сонаң соң өрбітерміз.

«Сәлеметсіз бе, Жәке!

Денсаулығыңыз, хал-жағдайыңыз жақсы болар. Әдеби байгеде озып шыққаныңызды естіп қуанып жатырмын. Қайырлы болсын. Бұл жүлденіз алдағы үлкен женістердің басы болуына шын жүректен тілекtesпін.

Жинаққа деген материалды жолдап отырмын. Машинкаға басу қындығынан біраз кешеуілдетіп алдым-ау деймін. Көрерсіз. Хабарласып, іске тартқан қамқорлығының үшін көп-көп раҳмет.

Сәлеммен, Ербол. 10 январь, 1986 жыл.  
Целиноград қаласы».

Психолог-ғалымдардың зерттеу тәжірибелеріне қарағанда, адамдардың қолтаңба жазуынан олардың бойындағы қасиеттерді, ең акыры мінездеріне дейін білуге болатын көрінеді. Маржандай тізілген Ербол хатынан мен де біраз жайды ажыратқандаймын. Ыждағатты, ұқыпты, сергек кісінің келбеті сезіліп тұр. Хат жазу мәдениетінен анық байқалады. Ойы нық, тілегі ашық. Кезінде «Жалын» баспасының жабық конкурсында жүлде алған куанышты сәтіме ортақтасып, жүрек лүпілін білдірген. Әдеби ортадан жырақ жүрсе де әр нәрседен құлағы түрік қаламгер әріптестің өзгелердің де табысына куана алатын елгезектігіне неге сүйсінбейсің. Көбімізде жоқ тамаша қасиет. Өткен жылдар жаңғырығы есіме тағы бір елеусіздеу оқиғаны түсіріп отыр. Бұрын-соңды тілдесіп, жүздеспеген Ербол бірде: «Сен білесің бе?» деген танымдық кітаптыңды іссапарда жол қапшығымнан тастамайтын болдым» деп телефон соққан-ды. Жүрек-жарды лебізіне қанаттанып қалғанымды жасыра алмаймын.

Содан бері де отыз жылдан астам уақыт өтіпті-ау. Енді, міне ел ағасы, оқырмандар сүйіктісіне айналған Ерболдың кітаптарын қызыға, ынтығапарақтап отырмын. Сан қырлы талант аттан түспей, мемлекеттік қызметтің бүрк-сарқ қайнаган ортасында, саясат сахнасында жүрсе де бір мезгіл қаламын текке қаңтармағанын әр туындысынан байқасыз. Жан-дуниесімен сөз өнеріне, сөз сиқырына құлаған қаламгердің тынымсыз ізденісін айғактар еңбектерін түгелдей шолып шығу мүмкін емес. Көзімізді де, көnlімізді де тойдырғаны – Ерболдың кітаптан кітапқа өскендігі. Ең бастысы, оның өнернамасы бөлек бір сырлы әлем. Осы орайда публицист, көсемсөзші, ақын, аудармашы, зерттеуші Ербол Шаймерденұлының шығармашылығын бұттарлап талдауға әбден болар еді. Бірақ, өйтпедік. О жағын әдебиет зерттеушілері мен сыншылардың құзырына қалдыра тұрып, бесаспап жазушының өзіндік ерекшелігін, дара қолтаңбасын айқындар тұстарға ғана токталғанды жөн санадық. Жоғарыда ғұлама Әбіш аға пікірі арқылы рәмістанушы-саясаткердің жанкешті ізденісін ұлықтағандай едік. Ендігі бірер ауыз сөз ақын Ерболдың өлеңдері хакында өрбімек.

Ойыма қазак поэзиясының батагей абызы Әбділда Тәжібаевтың кезінде «Лениншіл жаста» жарияланған толғанысының тақырыбы орала береді. Талай жыр сүйер қауымды дүр сілкіндірген мақала «Күләш Ахметова – ақын» деп аталағын. Қарапайым ғана естілетін, сәт сайын айтылғатын осынау сөздің құдіретті баға саналғаны анық. Жастардың үлкен қамкоры әрі жанашыры айтқан бұл сөз кеңестік кезенде аңызға айналғаны мәлім. Өйткені, қатып-семген, қасаң жүйе ешкімді мойындағайтын, ешкімді артық мактамайтын. Қазір ше? Кешегі мен бүгінгінің арасы жер мен көктей.

Бірін-бірі көзін бақырайтып қойып «ұлы ақын», «ұлы жазушы» дейміз еш қысылмастан. Мейлі, әркімнің өз мәдениетіне, өз өресіне қалдырайық. Ар таразысы бәрінен биік. Ойым шашырап бара жатқандай. Асау пікірімді бұғалықтап, тоқетерін мен де ұлы даңғағайміз Әбекенші келтесінен қайырайын. Ербол – ақын. Есінізде жүрсін бұл түйінге тоқтағандардың тізімін түзейін. Мұзафар Әлімбаев, Әбіш Кекілбайұлы, Тұманбай Молдағалиев, Герольд Бельгер, Иран-Гайып, Аян Нысаналин, Есенғали Раушанов, Серік Тұрғынбекұлы, Қайрат Жұмағалиев, Сабыржан Шүкірұлы, Несілбек Айтұлы секілді поэзия тамыршылары әр жылдары турлі басылымдарда тебірене жазып, турлі мінберлерде сүйсіне айтқанына куәміз.

Ербол жырларының алтын өзегі – тұған жер, тұған ел, сүйікті Отан, алаштың ардактылары, сұлу табиғат, аяулы ару. Қалың нөсерден кейінгі тұнық көк күмбезінде керілген кемпірқосақтың көз жауын тартар түрлі-түсті бояуындағы сан-алуан тақырыптағы Ербол лирикасы ешкімді де бейжай қалдырмайды. Әп дегеннен баурап, өлең тылсымына жетелейді. Тұнғиық ойға шомдырып, шуакты сезімге бөлейді.

Намыс қайрағына жанып, жүрек отынан сұырған өршіл, патриоттық сезімге толы ақын өлеңдері қиялдыңды шарықтатып, бойына тегеурінді куат үйіреді. Тұған ел, замана зарын, бабалар рухын тілге тиек еткенде сиқыр сөзден жыр қашаған ақын жаны да арқаланып, айрықша асқақтап кетеді. «Ақ қайыңың қара мен бүршітімін», «Мен – бір гүлің ашылған сыйындағы», «Рухына абыз ата таң қаласын, Қырандай биік шырқап қалықтаған», «Көтерген дүниенің кан қысымын» деп жыр өрген ақын жүрекінің лүпілін анық естисің. Оған «Тұған ел», «Абыз», «Абылай алаңындағы ой», «Аттила», «Еркіндік жыры», «Мағжан аға», «Көгілдір ту» т.б. өлеңдер айқын дәлел. Шойындаш шып-шымыр, теңіздей терең ойлар селі тасқындаш құйылғанда еңселенген жыр жолдары айдарлана, айбарлана түседі.

Осы рух, осы ренқ, осы екпін Ерболдың адамгершілікті, іңкәр сезімді, табиғат коріністерін суреттегенде мүлдем жана түрге енеді. Әсіреле, бұл үрдіс жұмбағы мен сырлы кат-қабат адам жанына үңілген, сыршыл сезіммен кестеленген өлеңдерге тән. Ербол суретші ақын. Біз бұл әуенде оның махаббат, табиғат лирикаларынан ап-анық естіміз. Сөзben ойылған ой өрнегі, сөзбен әдіптелген нәзік нақыш, сөзбен бедерленген бейне-шумактар рахатты күйге шомылдырады. Нұрлы сәуле себезгілекен өлең өлкесінің тамашасына тоймай, ой орманын құмарта аралайсын.

Қаншаға бірақ келсөн де,  
Жастығың – қалмас көлеңкен.

(«Жыл отті».)

Ақынның өскен орманда,  
Арманы болар – күншуда.  
Жұлдыздар ғашық болғандай,  
Жандырсам деймін бір шырақ.

(«Сыр».)

Аққұба қыздар секілді,  
Қара қас, қара меңі бар.

\* \* \*

Көлбендеу мен көлгірсүз,  
Жұқты екен қайдан адамға.

(«Бозбеткей».)

Жыр іздесен – қыранның тұғырында,  
Жыр іздесен – жақсының ғұмырында.

Тарқата алсаң... әнекей...

Қыздардың да

Бір-бір өлең барады бұрымында.

(«Шумақтар».)

Сезім мен суретті егіз өрген Ербол ақынның ой  
көзі қырағы. Жекелеген жыр жолдарының, мегзері мен  
түйіні зілдей шумақтардың, тұтастай сом құйылған  
кейбір өлендердің пәлсалапалық астарына зер салған  
әркім-ақ бұған каныға түсері даусыз. Кәне, төмендегі  
өлең жолдарына үңілейікші:

Урпін жарып,  
Үрейін алып,  
Үілдейді үскірік.  
Табиғаттың,  
Өзі қатты,  
Тұмауратып, тұшкіріп.

(«Қыс».)

Болмайды жолың құбыла алмасаң,  
Күнбағыс құсан бұрыла алмасаң.  
Үлгерер сені жамандап біреу,  
Бастықтың қолын бұрын алмасаң.

(«Кертолғау».)

Көкшіл теңіз, көк теңіз,  
Керенау құліп жата бер,  
Қалмас сенде өткен із.

(«Көкшіл теңіз, көк теңіз».)

Жол – олжа,  
жол – кездесу,  
жол – кеңістік.

Тамыры тіршіліктің...  
от демі ыстық.

Көресің көкжиегін дүниенің  
Байқайсың айырмасын кем...  
кең істің.

(«Ән-ғұмыр».)

Татымды, тартымды, тұщымды шумақтарды әлі  
де түйдек-түйдегімен тізе беруге болар еді. Қажеті  
шамалы. «Теңіздің дәмі – тамшыдан» демей ме баба  
халқымыз. Жаңадан жазылған «Тағдырын түсі сан  
бояя», «Сүйемін мен де сені, Көкше» жыр-шоғырлары  
тұтасымен бедерлі де, бейнелі ғажайып бір сурет дерсіз.  
Оқырманды тамсандырар өрісті өлендерді Ерболдың  
«Көңіл суреті», «Менің Қазақстаным», «Астана»,  
«Жүректегі жазулар» аталатын жыр жинақтарынан

молынан ұшыратасың. Өлеңді киел өнердің құдіреттісі  
санайтын Ерболдың темірқазық нысанасы – тек  
жақсы жыр жазу. Табиғатынан дегдар қаламгердің  
ізделген інжу, тергені маржан. Талғампаз, жаңашыл  
акынның шайырларымыз жырлай-жырлай жауыр  
болған тақырыптарды өзгеше оймен өрнектеп, соны  
серпінмен кестелеудегі ұмтылыстары жемісті. Бетінен  
қалқып, жылтырақ көбікке орап қоюдан әмсө бойын  
аулақ ұстайтын ол өлең өрудің түрлі эксперименттерін  
жасауға құлшынады. Куаныштысы сол, Ербол үрдісі  
үздік көрініп түр, тәжірибелері сәтті.

Ақын жырларының әсерінен арыла алмай отырған  
мен оның мұн мен шерге, кірбің мен кесірге толы  
тіршіліктің тылсымды мезеттеріне бейқам қарамай,  
жүрек сұзгісінен өткізетінін қадап айтқым келеді. Оған  
айғақ ретінде бар-жоғы бес шумақтан ғана тұратын  
«Қара ағаш» өлеңін назарыңызға ұсындым, қадірлі  
оқырман. Талдаң, сараптап жатуды құп көрмедім. Әр  
жерде, әр ауылда кездесер таныс сурет. Әркім көрген,  
сен де, мен де көргем. Бірақ елемедік, түсінбедік... Ол –  
ақиқат. Уақасы жок. Өлеңді енді өзіңіз оқығайсыз.

Жасыра алмай ақ қар да,  
Жан жарасын дерт салған.  
Қара ағаш тұр қапталда,  
Омырауын өрт шалған.

Тұр онаша қалқайып,  
Жел өтінде, боранда.  
Қос өкпесін зар шайып.  
Бар қызығы тоналан.

Естілмейді сынсуы,  
Үні шықпас жалғыздың.  
Бара жатыр күн сұып,  
Биыл қалың қар да ызғын.

Сенім тістей кетілген,  
Кімге керек жалқы мұн.  
Қара орманның шетінде,  
Қара ағаш тұр алқынып.

Карайғанша... талассыз,  
Жығылғаның жөн көріп.  
Тұрған қара ағашты,  
Әкетті жел өнгеріп.

Ербол поэзиясының ұңғыл-шүңғылын зерттей  
танысқанда романтикалық сарыны басым өлендерінен  
өмірге соншалықты ғашық, бакытты көргісі келетін  
Саттар Ерубаевтың жалынға оранған іңкәрлігін сезсең,  
жоғарыдағы элегиялық макамнан Мұқағали мұның  
топшылағандаймыз.

Әзінің қуат-қарымын эпикалық жанрда да сынап  
көрген ақын қаламынан «Бәйге», «Думат», «Ән-ғұмыр»  
поэмалары дүниеге келді. Оқиғаны өрбітіп, дамытудағы  
шайыр шабытының шалқарлығы бірден көзге ұрады.  
Кең тынысты туындылардың қай-қайсысының да  
композициясы селкеусіз. Айрықша ынтықтырып,

баурап алады. Жанкешті ғұмыр, талайсыз тағдыр, ыстық сезім, дөңгеленген дүние, мәңгілік өшпес-өлмес рух көусар да, мөлдір жыр тілімен төгіледі. Психологиялық, лирико-философиялық әуездегі бұл дастандар шеберлік шынына өрлеген ақынның асқақ үнін жеткіп тұргандай.

Қазак өлеңінің пірі Тұманбай Молдағалиев қай кезде де соңынан ерген ақындардың ізденісін жіті қадағалап, жылы лебізін қуана білдіреді. «Біз де дарындар көп. Солардың сапында, әрине, Ербол да бар. Оның поэзиясындағы терендік пен білімділік ақынның соны соқпағын көрсетеді» десе, жұлдызыды жазушы Әбіш Кекілбайұлы қордалы ойын төмөндегіше түйеді: «Ербол қаламынан туған лирикалық өлеңдер ерекше мөлдірлікке ие. Ол туындылардың кай-қайсысынан да ел мен жерге деген шекісіз маҳаббатты, халық мерейін қамдаған отаншылдықты, жарға, достарға, ұл мен қызға деген риясыз ықылас пен адам болмысының қай тұнғиғына да қамықпай бойлаған жетелі ой мен зерделі зейінді жолықтырасыз. Ол рахым мен мейірімнің, адалдық пен пәктіктің жыршысы. Нәзіктік пен сұлулықтың жыршысы...» Ал тіл киесін бар жаңымен түсінетін лингвист-қаламгер Сабыржан Шүкірұлы бүйдейді: «Жеміс ағашындағы «үнсіз» қыруар жұмыс тындырып жүрген Ербол Шаймерденұлы бүгінгі заманның алыс-жұлысынан да, томырық мінез жұлдырылышынан да аулақ, ел игілігіне, рухани қазынасына өз дәрдійінде үлес косуда. Ақынның өлеңдеріндегі тұнық сезім, алай-дулей көзқарастар шарпысы, шер мен мұңқін кімнің болсын назарын аударады. Сөз-мергеннің күтетіні де осы емес пе».

Иә, тамыры даладан үзілмеген, ауылмен кіндікtes ақын қан тамырының луппіл де ерекше естілсе керек. Ақын Ербол бір өлеңінде «Менің жүрегім – бозторғайдаланың» деп жырлайды. Сол бозторғай-жүректің шырылын жалықпай тындаған бергің келеді екен.

## ТӨРТІНШІ ШТРИХ

### ЖАДЫДАҒЫ ЖАНҒЫРЫҚ НЕМЕСЕ «АҚЫЛ-ОЙ АНТОЛОГИЯСЫНА» ЖОЛ

Улкенді-кішілі мұзарт таулардың ұшар бастарын күн сүйген семсер-сұңғат шындары көзге бірінші шалынатыны занды құбылыс. Ербол өнернамасын тілге тиек еткенде оның өзге әріптестерінен даралар қасиетіне тоқталмай өте шығу еш мүмкін емес. Ол – қаламгердің данышпандардың даналық сөздеріне зерсалуы, жайғана құмарлықпен үңілмей, ғұламалардың ғибратты қазынасына тереңірек бойлап-зерттеуі. Данғыл сокпаққа айналған ізденіс ізі көніл түкпірінде сайрап жатыр. Бұл жөніндегі жадыдағы жанғырықтарға құлақ түрәйікші.

Газет-журналда қызмет істейтін ағайындарға ортақ максат – әр нөмірді оқылатындағы етіп шығару. Әлмисақтан белгілі жәйт десек те, бұл – талайдың басын катырып жүрген, басылымның тізгінін ұстаған редактордан бастап, катарагы журналистиқ жаңын шыныштпайтын сокталы сауал. Әрине, әр нөмірдің бас көтермей, жапа-тармағай жапырылып, қолдан-қолға

түсірмейтін жағдайға жеткізу еш мүмкін емес. Ең күрығанда оқырманның көзіне ілінер, талғажау етер, іліп алар жылтырағы мен ой салар бір-екі дүниенің болғанын қадағалайтынымыз аян. Осылайда еркісіз өткенге ой жүгіртеріміз де бар. Тәрт-ақ беттік газетті қалай шығарғанбыз? Оның жартысынан астамы дайын материалдар: тұтас бір бетке міндетті түрде берілуге тиіс әлемнің әр шалғайынан алынған ТАСС-тың үлкенді-кішілі хабарлары. Мұның өзін ҚазТАГ аударып береді. Дайын дүниені шайнамай, тек қылғытып жұта бер. Ал газеттің алғашқы екі бетін тірі «көсемдердің» құлаш-құлаш баяндамалары мен сүреңсіз сөздерімен тығындастырып. Талап солай. Тәртіп солай. «Қыңқ» ете алмайсың. Бас шұлғып істей бердік бастығымыз да, пакырымыз да.

Енді міне, шүкір, газетіміз 6-8 бет болып бүркырап шығып жатыр. Кешегі талап екі есесдей артқан. Басылымға бастық боп келген әрбір жаңа бас редактор шығармашылық ұжымды өзінше қамшыласа керек. Бұрын балалар және жастар басылымдарында тәжірибе жинақтаган Уәлихан Қалижан «Егеменді» оқытудың тың ізденістерін енгізе бастаған. Ол – газет ішіндегі газеттер, яғни косымшалар. Қызы-келіншектерге арналған «Сыргалым», ауыл енбеккерлеріне бағытталған «Ел» косымшаларының оқырмандар көнілінен табылғанын қуана айтқан жен. Айрықша безендіріліп, бөлекші макеттеп жасалатын косымшаларда әдetteгі қарабайыр материалдардан гөрі танымдық жағы басым: ой саларлық толғаныстар, ұлттық салт-дәстүрімізге қатысты қызықты дүниелер, оқырмандардың көмейлерін бүлкілдеткен ұсыныспікірлер мен кеңестер көбірек жарияланып жүр.

Әйткенмен, “Күріштің арқасында күрмек те су іshedі”, демекші жақсының арасында жасық, жүйріктің ішінде жабы, алтынның орнына темірдің кетіп қалатының жасыруға, бұгуге болмайды. Өзінді-өзің алдаусыратып, ашқарақ көнілінді аурай алмайтының және мүмкін. Екіудай пейілде парактай бастаған бүгінгі нөмірдің жұрт назарын аударарын бірден бажайлайды.

Газеттің 4-бетінде жарияланған “Ойқазына” аталағы жаңа айдардың талайлардың көзіне түсірі анық. “Даналық дидары” (“ЕК”, №138. 17 шілде 1997 жыл) деген тақырып аясында атакты неміс философи Фридрих Ницшенің айтқан мағынасы тұнғиқ төрөн, салмағы қорғасындағы зілмауыр тұжырымды лебіздері топтастырылыпты. Тәржималаган өзіміздің Ербол Шаймерденұлы. Редактордың орынбасары ретінде газеттің жақсы болуын ойлайтын қаламы жүйрік, ізденімпаз журналист тосын қырымен танылған. Оймақтай ордалы ойды ойнату, шамырқанды шымыр да шырайлы афоризмдерді дәл әрі дәмді күйінде жеткізу кез келгенін қолынан келе бермейтін дүйім жүртқа мәлім. Осы орайда өлеңнің табигаты мен киесін бір кісідей білетін, танып қана қоймай, жан-дүниесімен сөзетін ақындығы бар Ерболға соны тақырып колұшын өзі созғандай. Оған айдай айғақ – алдында жатқан Ницшенің қазақша, төл тілімізде толғауы. Абай атамыз ескерткені бар ғой: “Толғауы токсан қызыл тіл”. Қаламdas әріптестің авторлық айдарына үнілген

сайын сиқыр сөздің сөлі мен суретіне бойлай, қаныға түскендей әсер кешер еді әркім-ақ. Тұпнұсқадағы түйінді ойлардың сұйылмауы, солғын тартпауы – басты шарт. Бұл қағиданы ол берік ұстанған. Шымыр да, астарлы лепестердің, шебер өрілген қамшының өріміндегі, қыннан қыстыра тузілген ой тұжырымдарының дені сокталы ой өзегінің мәні мен мағынасын әлсіртпеген.

Менің кітапханамда әр жылдары пайдаланылған үлкенді-кішілі қойын дәпптерлерім бар. Сол жазбалардың ара-арасында түрлі газет-журналдардан ұшыратқан, өзіме ұнған ұлылардың айтқандары, зиялы қауым өкілдерінің, әйгілі тұлғалардың ауыздарынан шықкан тамаша сөздері каз-калпында көшіріліп жазылған. Қажетті тастың артықтығы жоқ. Бұл әдет қалам ұстағандардың баршасына ортақ-ау деп ойлаймын. Ертеңгі нөмірдің макетін нобайламай тұрып неміс ойшылының сөздерімен таныстым. Ежелгі касиетім бойынша ой салған, назар аударған нақыл сөздер тұсына белгі қойып, тіпті кейбірін екі-үш қайыра ішімнен күбірлеп оқығанмын. Құс қанатты белгілер таңбаланған афоризмдерді сіз де оқып көріңіші.

Одан бұрын жаңа айдар хақында жазған автордың сілтемесімен танысып шыққаныңыз жөн болар.

Ой – адам баласының өмір сүру тәсілдерінің бірі.

Өзегі өрмекшінің торындағы өрілген талай тылсымнан тұратын қоғам да жақсы ойларға зәру.

Егер гендік инженерия адамдық болмыстың үрпақтан үрпаққа көшуінің таңғажайып технологиясы десек, ой – рухани тәжірибе қуатын ғасырдан ғасырға асырудың бірден-бір құралы.

Ақыл-оій – асыл алмас һәм қас тұлпар тәрізді. Тани білген тектіге құлындағы қызмет етсе, тапырактаған тексізге жалынан да сипатпайды, білмей сілтесе – білегін қияды.

XIX ғасыр ұлы ойшылдарының бірі Фридрих Ницше (1844-1900) – осындағы қоғамға да, адамға да қажет есті ойлар туындытып, рухани сілкініс жасаған санаулы санаткер тұлғалардың бірі.

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған аударма – адамзат ақыл-оізы алыбының бай мұрасының кездейсоқ сұрылыған бір парасы, асылдың ұшқындары ғана. Біздікі – қылыш себептермен қазақ арасында кен тарай коймаған (казақ тіліне мұлдем аударылмаған десе де болады), ал басқа елдерде ақылмандар мен саясатшылардың идеялық қормалына айналған ғұлама шығармашылығына көзқараста шынайы бетбұрыс жасау қажеттігіне назар аудартсақ деген ниет.

Ойды ой козгайды. Өзіндікімен қатар өзегінің де асыл-жасығын жақсы білмесең өріс кеңейіп, ере биіктемейді. Қазынаңың қадірін тани тұсу үшін де қажет.

Ертеңіне көп үміт артқан елдің ой қуар үрпағының төрт құбыласы тең болғанға не жетсін!”

Сонымен, Фридрих Ницше не депті? Жанар жүгіртпі шығыныз. Өкінбейсіз. Тұтас газеттің бетін тізбей-ак қояйын. Мұхит дәмін жалғыз тамшыдан сөзетін жан ақылманың ой-әлемін оп-онай анғарса керек. Қажеттізге жараса сіз де түртіп аларсыз.

\*\*\*

Мен пәлсафа соғушылардың екі түрін білемін: біреулері қашан да тек өзін коргаумен болады, екіншілері үнемі өздерінің жауларына шабуыл жасаумен айналысады.

\*\*\*

Ол өзі жауап бере алатын сұраптарды ғана естиді.

\*\*\*

Жақсы адамдардың мораль окуы жалықтырады, ал жаман адамдардың мораль айтуы – қорқынышты.

\*\*\*

Өтірік айтудың не үшін қажет екендігін мен түсінбеймін. Егер әлдебіреулердің аяғынан шалғың келсе, ол жөніндегі шындықты айтсан да жетіп жатыр фой.

\*\*\*

Досынан ғөрі қасынды кешіру онай.

\*\*\*

Мысықтан сақтан: ол ешқашан қарыз қайтармайды, ешқашан бағаламайды... Ол қарсы алууды және айбат шегуді ғана біледі.

\*\*\*

“Басқалар туралы сөйлегенде тым қаталдықта баратын жандарды мен ақымақ санаймын” дейміз біз Демосфен екеуміз.

\*\*\*

Менің ойларым – бояулар, менің бояуларым – әндер.

\*\*\*

Біз өзімізден өзгелер туралы айтқанда көбірек адалдық танытамыз.

\*\*\*

Күйс қеуделердің көкейін тескен не дейсіз ғой: олар атактылар алдында тек үстел басында қатар отыру үшін ғана жалпақтайды.

\*\*\*

Кейбіреулер басынан айырылғанша жүргегінің қайда екенін білмейді.

\*\*\*

Ку адамдар қарапайым келеді.

\*\*\*

Бәрінен де мықты байлап-матап тастайтын – көзге көрінбейтін жілтер.

\*\*\*

Жек көруде де қызғашкытық бар: біз өзіміздің жауымыз да тек өзіміздің болғанын қалаймыз.

\*\*\*

Жазушы болуга ұялатын адамнан жақсы дүние туады.

\*\*\*

Кернекті адамдардың да көшірмесі жи кездеседі: картиналар тәрізді бұл ретте де көшіліккет тұпнұсқаның өзінен ғөрі оның көшірмесі көбірек ұнайды.

\*\*\*

“Мен енді сөйлеуім керек: өйткені көп нәрсені көріп-блідім. Мен енді тілге айналуым керек, соңғы кезде көз және бейкүнә шарайна болып келдім”.

Суретші осылай дейді.

\*\*\*

Біз әлдебір пікірмен көбіне оның сүйкімсіз айтылғаны үшін ғана келіспей жатамыз.

\*\*\*

Сенімі берік жандар секемшіл болмайды.

\*\*\*

Адамдарды ашуландырып, олардың бойына жаман ойлар дарытудың бірден-бір жолы – ұзақ күттіріп қою.

\*\*\*

Енді ешкім де менімен араласпайтын болды. Менің өзім де солай... Мен бәріне де іздеп барғанмын, ешбірін таба алмай қайттым.

\*\*\*

Кейбіреулерді мінезі биікке көтереді, ал ақылы ол биікке жете алмайды: керісінше де болуы мүмкін.

\*\*\*

Мына ашық аспанға көз салып көрініш! Жұлдыз біткенді жұтып алып, жұмырына жұқ көрмей тұрған жоқ па – бірақ баяғы сол мұләйім қалпы.

\*\*\*

Атак-данктың қай-қайсысы да мен үшін тікенек тесек тәрізді.

\*\*\*

Оймақтай ойдың ордасы. Ойландырады. Толғандырады. Ескертеді. Айтпақшы, түстен кейін редакцияға Мұзған – Мұзғар Әлімбаев аға телефондады. Үйреншікті дауыс. Не айтпағын әп дегеннен аңғардым. Қателеспептін.

– Бұғінгі нөмірлерің тәуір екен. Ерболдың “Ойқазынасын” оқып шықтым. Жақсы. Елең еткізер орамдар мен нақыл сөздер баршылық. Мәселенки, тыңда... екі-ұшеуін оқып берейін... Ерболдың өзі жоқ кой орнында. Звондап таба алмадым... Риза боп жатыр де...

Әдебиетіміздің ақсақалы, әсіресе, маржан сөздің мәйегін сүзген, мақал мен нақылдың алуан-алуан түрін түзген Мұзғаның анау-мынауға көнілі тола бермейтіні маган жақсы мәлім. Демек, текке хабарласпаған. Аңқылдаған сөз зергері қуанышын жеткізгенше асықканға ұқсайды.

Қаламына сүйенген пендеге бұдан артық не керек десенізші. Өз мәнер-машығынан айналаған Ербол осы сүйікті дағдысына талай жылдарын сарп етті. Әрине, зергердің еңбегіндегі жанкештілік пен табандылықтың жемісін көріп отыр. Инжу-маржан теру оңай емес. Осына маңдай терді шүмектеткен киямет шаруаның нақты нәтижесі іспетті «Даналық дидары», «Мәңгілік мұрат», «Ақиқат айнасы» кітаптарын парактаған көзі қарасты кез келген жан Ербол Шаймерденұлына ризашылық ілтишатын сездірсе керек.

«Алтын шыққан жерді белден қаз» демекші сөз өнерін терең, түбегейлі қаузаган Ербол бауырымыз табиғат сыйлаған еңбеккорлығының аркасында өзі нысана еткен биікке кол жеткізгенін мереілене айтар едік. Алаш елінің рухын асқақтатар қазак сөзінің қаймагы – тәуелсіз ойдың, бостан ойдың, еркін ойдың ордасындағы жинақ «Ақыл-ой антологиясын» шығарды.

Қалың оқыманның көзайымы саналатын бұ

кітап – тарихи-философиялық зердеміздің көкжигін кеңейте түсетін және ұлттық рухани болмысымызыда теренірек танып-блуге мүмкіндік беретін өзгеше әнциклопедиялық жинақтар қатарына жатады. Философиялық хрестоматия ретінде пайдалануға болатын бұл туындының аласы – әдебиет болса, аласы – ой. Көшпелілер ой мұхитының «құмдағы ізін» кармап, «сайдағы тасын» тери арқылы жырма бес ғасырлық тарихи кезеңді қоқтей шолған ауқымды афористік антологияда қазакы философия және сөз өнерінің бірегей болмысы, өзгеше өрнегі мен терең мазмұны кең көрініс тапқан. Осыған дейін жасалған афористік әдебиеттерді кең пайдалану және жаңа ізденістер нәтижесінде 50-ден астам тұлға туындылары бөлек-бөлек текшеленсе, 60-ка жуық ой иесінің афористік толғамдары тақырып-тақырыпка телініп, топтастырылып беріліп отыр. Оған мақал-мәтеддер, шешендей сөздер мен қара өлең ұлғілері, халық жырлары мен жылнама жолдарынан, айтыстар мен ән мәтіндерінен теріліп алынған нақылдық орамдарды косыныз.

Қазақ афористикасының бағзы замандардан бүгінге шейінгі бір пара ұлғілерін жинақтаған «Ақыл-ой антологиясы» – мәдениеттанушылар мен әдебиетшілердің, этнографтар мен философтардың, саясатшылардың, жалпы зиялыштар мен студент жастардың, далалық өркениет сырларына құштар һәм терең ой мен сұлу сөзге ынтық оқырманның көзайымына айналуға лайық туынды.

## СОНГЫ ШТРИХ:

### ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН НЕМЕСЕ АЙТЫЛМАЙ ҚАЛҒАН ДЕРЕКТЕР

...Әкшемізден ерген талантты қаламдаст іні хакында ағымыздан жарыла сыр шерттік. Әңгіме тізгінін ірікпегенімді сеземін. Кейбіреулер жайында аз-кем пікір айтқын келгенде, ағыл-тегіл сөзің қалам ұшына жоламайтыны жасырын емес. Неге? Жалғандыққа, жағымпаздыққа жақындаудан қорықканнан шығар. Ен басты, қасиетті де, қастерлі мұрамызыды онды-солды көпіртіп сілтеуден қашқақтау болса керек. Тағы да қайталаймын, Ербол туралы айтылмай қалған кейірдеректерді түйіп-түйіп жеткізгім келеді.

Озінің ұлтжандылығымен, азamatтығымен, қабілет-дарынымен өмірдегі орнын ойып алған Ербол ондаған кітаппен бірге көптеген тамаша ән-өлеңдерінің авторы. Екінші дипломы бар, С.Сейфуллин атындағы Агротехникалық университетті бітірген Қазақстаның еңбек сіңірген қайраткері, Міржакып Дулатов атындағы сыйлықтың лауреаты. «Құрмет» орденінің иегері.

Өмір мәнін жыр жолдарымен өрнектеген Ербол-акынның мына шумағымен шалқыма-толғанысымды түйіндемекпін:

Керегі не басқаша аңыз құрап,

Өмір-ғажап, дүние-нағыз жұмак.

Шарқ ұрғанмен ештеңе таба алмайсын,

Тіршіліктен бір күнгі маңыздырақ...